

## Университет жұмыс берушілеріне жүргізген сауалнама нәтижелері

Түлектерді оқыту сапасына жұмыс берушілердің қанағаттануын анықтау мақсатында жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама әр институттың Білім сапасын қамтамасыз ету комитеттерінің көмегімен жүргізілді. Жұмыс берушілерге арналған сауалнамалар университеттің <https://saualnama.wkau.kz/ru/anketa/cat/6> сайтында орналастырылған.

Сауалнамаға әртүрлі білім беру бағдарламалары бойынша 76 жұмыс беруші қатысты

Респонденттердің қатарында облыстағы кәсіпорындардың басшылары мен бас мамандары бар: «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Батыс Қазақстан өңірлік электр энергетикасы компаниясы» АҚ, «IT Group Kazakhstan» ЖШС, «Теңізшевройл» ЖШС, «TORUS KZ» ЖШС, «Фирма сервер+» ЖШС, Батыс Қазақстан облысының «Менеджмент» ақпараттандыру, мемлекеттік қызмет көрсету және мұрағат ісі», «Орал механикалық зауыты» ЖШС, «Белес-Агро» ЖШС, «Конденсат» АҚ, «Оралмұнайгазгеология» және т.б.

Кәсіби дайындық деңгейіне қарай жұмыс берушілер ЖОО түлектерін басқа ЖОО түлектерінен ерекшелеп көрсетеді. Жұмыс берушілердің 54%-дан астамы университет түлектерінің жоғары кәсіби дайындығын атап өтті (1-сурет).



1-сурет- Жәңгір хан атындағы БҚАТУ кадрларды даярлауына жұмыс берушілердің бағалауы.

Жұмыс берушілер теориялық білім мен коммуникативті дағдылардың жоғары деңгейін атап өтеді.

Жұмыс берушілер біздің түлектердің кәсіби маңызды дағдылары мен құзыреттілік деңгейін бағалау кезінде жұмыс берушілердің 70%-ы бес балдық жүйе бойынша 4 және 5 балл берді. Мыналар бағаланды:


- компьютерді меңгеру (90,8% жоғары баға);
- заманауи технологияларды меңгеру (82,9% жоғары баға);
- мәселені болжай білу (68,4% жоғары баға);
- коммуникативті дағдылар (88,2% жоғары баға);
- кәсіби және этикалық жауапкершілік (82,9% жоғары баға);
- кәсіби және этикалық жауапкершілік (86,9% жоғары баға);
- кәсіби жетілуге ұмтылыс және қабілет (80,3% жоғары баға);
- шет тілдерін білу (55,2% жоғары баға).



2-сурет – Кәсіби маңызды дағдылары мен құзыреттілік деңгейін жұмыс берушілердің бағалауы

Жұмыс берушілер практикалық дайындық деңгейін арттыруды ЖОО-ның білім беру бағдарламалары бойынша түлектерді дайындауды жетілдірудің негізгі бағыты деп санайды (3-сурет).

**ЖОО түлектерінің дайындығын жақсарту бойынша жұмыс берушілердің ұсынысы (%)**



- Теориялық білім деңгейін арттыру
- Тәжірибелік дайындық деңгейін көтеру
- Өндірістік тәртіп дағдыларын жетілдіру
- Өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттерін дамыту
- Жалпы мәдениет деңгейін көтеру
- Басқалар

3-сурет – Дайындықты жақсарту бойынша жұмыс берушілердің ұсыныстары